

Қарағанды облысы әкімдігінің 2020 жылғы 12 наурыздағы "2020 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша бюджеттік субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" № 15/01 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қарағанды облысының әкімдігінің 2020 жылғы 14 желтоқсандағы № 82/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 20 желтоқсанда № 6128 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы №108 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18404 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарағанды облысы әкімдігінің 2020 жылғы 12 наурыздағы "2020 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша бюджеттік субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5747 болып тіркелген, 2020 жылғы 16 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде тіркелген, 2020 жылғы 28 наурыздағы № 32 (22581) "Индустриальная Караганда" және "Орталық Қазақстан" 2020 жылғы 28 наурыздағы № 32 (22 773) газеттерінде жарияланған) № 15/01 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Қарағанды облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіпте осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

4. "Қарағанды облысы әкімдігінің 2020 жылғы 12 наурыздағы "2020 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша бюджеттік субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" № 15/01 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

КЕЛІСІЛДІ:Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі

2020 ЖЫЛҒЫ " ____ " _____

Қарағанды облысы
әкімдігінің
2020 жылғы 14
желтоқсандағы
№ 82/01қаулысына қосымша
Қарағанды облысы әкімдігінің
2020 жылғы 12 наурыздағы
№ 15/01 қаулысына қосымша**2020 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша бюджеттік субсидиялар көлемдері**

Р/с №	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	Субсидиялау көлемі	Субсидиялар сомасы, мың теңге
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы				
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу			
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	бас/шағылыстыру маусымы	109 141	1 091 410
1.2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы		25 109	376 640
2.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	бас/шағылыстыру маусымы	3 334	333 400
3.	Етті, етті-сүтті тұқымдардың отандық асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу	сатып алынған бас	2 405	360 750
4.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:			
4.1	Отандық		2 610	391 500
4.2	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Украина елдерінен импортталған	сатып алынған бас	876	196 990
4.3	Аустралия, АҚШ, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен импортталған		39	11 700
5.	Шығу тегі асыл тұқымдыға сәйкес келетін ірі қара малдың импортталған аналық басын сатып алу		675	101 250
6.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау аландарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне 50 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарына өткізілген немесе орны ауыстырылған бұқашықтардың құнын арзандату	тірідей салмағы, килограмм	2 782 775	556 555

7.	Ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеуші кәсіпорындардың сиыр етін дайындау құнын арзандату	өндірілген сиыр етінің бір килограммы		
	Барлық сома			3 420 195
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы				
1.	Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасының ұрығын сатып алу			
1.1	Бір жынысты	сатып алынған		
1.2	Қос жынысты	доза		
2.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:			
2.1	Отандық		296	59 250
2.2	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Украина елдерінен импортталған	сатып алынған бас	39	8 775
2.3	Аустралия, АҚШ, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен импортталған		79	31 600
3.	Сүт өндіру құнын арзандату:			
3.1	Бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық			
3.2	Бағымдағы сиырларының саны 400 бастан басталатын шаруашылық	өткізілген немесе өңделген килограмм	3 208 733	96 262
3.3	Бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық		3 762 150	75 243
3.4	Ауыл шаруашылығы кооперативі		1 249 200	24 984
4.	Ірі қара малдың эмбриондарын сатып алу құнын арзандату	дана		
5	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сүтті және сүтті-етті бағытындағы ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау	ағымдағы жылы ұрықтандырылған бас	3 324	16 620
	Барлық сома			312 734
Етті құс шаруашылығы				
1.	Ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу	сатып алынған бас	68 797	41 278
2.	Құс етін өндіру құнын арзандату			
2.1	15 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс			
2.2	10 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс			
2.3	5 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген	7 288 933	437 336
2.4	500 тоннадан басталатын нақты өндіріс	килограмм		
3.	Күрке тауық етін өндіру құнын арзандату			
4.	Суда жүзетін құс етін өндіру құнын арзандату			
	Барлық сома			478 614
Жұмыртқалы құс шаруашылығы				
1.	Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу	сатып алынған бас	488 617	29 317

2.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату (2022 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болады)			
2.1	200 миллион данадан басталатын нақты өндіріс		255 388 000	383 082
2.2	150 миллион данадан басталатын нақты өндіріс		109 001 538	141 702
2.3	100 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген дана	131 686 667	158 024
2.4	50 миллион данадан басталатын нақты өндіріс			
2.5	20 миллион данадан басталатын нақты өндіріс			
Барлық сома				712 125
Шошқа шаруашылығы				
1.	Асыл тұқымды шошқалар сатып алу	сатып алынған бас		
2.	Шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу	бас/шағылыстыру маусымы	5 090	203 600
Барлық сома				203 600
Қой шаруашылығы				
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу			
1.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	б а с /	26 497	105 988
1.2	Қойлардың тауарлық аналық басы	шағылыстыру маусымы	63 469	158 672
2.	Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу		2 104	31 560
2.1	Импорнтталған асыл тұқымды аналық қойларды сатып алу	сатып алынған бас		
2.2	Импорнтталған асыл тұқымды тұқымдық қошқарлар сатып алу			
3.	Тауарлық отардың өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық қошқарды күтіп-бағу	б а с / шағылыстыру маусымы		
4.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 5000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне 300 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарына өткізілген қошқарлардың құнын арзандату	өткізілген бас		
5.	Қойлардың эмбриондарын сатып алу құнын арзандату	дана		
6.	Шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау	ұрықтандырылған бас/шағылыстыру маусымы		
Барлық сома				296 220
Жылқы шаруашылығы				
1.	Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу	сатып алынған бас	150	15 000
Барлық сома				15 000
БАРЛЫҒЫ				5 438 488

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК